

МРНТИ 16.01.09

Калбирова Т.Н. ¹

¹ Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ФРАНЦУЗ ТІЛІНДЕГІ ӨЛШЕМ КАТЕГОРИЯСЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада заттың, нәрсенің сапалық және сандық сипаттарының диалектикалық бірлігін көрсететін философиялық категория саналатын өлшем ұғымы туралы мәлімет беріледі. Қазақ және француз тілдеріндегі өлшем атаулары қарастырылады. Өлшем ұғымын білдіретін соматизмдердің лексика-семантикалық ерекшеліктері сөз болады. Адамның денесі дүниедегі алғашқы өлшеу құралы болғандығы, адамдар сызғышты және бір нәрсенің көлемін өлшеуге арналған өзге де құралдарды ойлап тапқанға дейін заттарды өз денесімен салыстырғандығы, тұрмыстық жағдайларға байланысты адам өзінің болашақ баспанасының ұзындығын, енін және биіктігін өзінің бойына шақтап жасағандығы туралы айтылады. Қазақ және француз тіліндегі өлшем атаулары салғастырмалы және компоненттік талдау әдістері арқылы зерттеледі. Соматикалық өлшем атауларының адам тұрмыс-тіршілігіндегі нысандардың арақатынасындағы реттілік пен меже-шаманы, көлем мен мөлшерді айқындаудағы ментальдық сипаты қарастырылады. Өлшем бірлігі ретіндегі соматикалық атаулардың ерекшеліктері талданады.

Түйін сөздер: өлшем, өлшеу құралы, өлшеу жүйесі, соматизм, қазақ және француз тілі

Kalbirova T. ¹

¹ Doctoral student of KazNU named after Al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan

MEASUREMENT CATEGORY IN KAZAKH AND FRENCH

Abstract

This article contains information about the presence, which is a philosophical category that determines the dialecticization of units of qualitative and prickly characteristic objects, objects. We are talking about circulation in Kazakh and French. We are talking about the lexico-semantic foundations of somatism, representative assemblies. He said that telemedicine was the first measured environment in the world to be used to gain access to information and other means for the development of cheques, and it had therefore been divided. In this regard, methodology and component analysis are being analysed in Kazakh and French. It is assumed that the mental nature of these closed goals in determining tasks and quantities, objects and species in accordance with the living conditions of people. The relevance of the main directions of development is analyzed.

Keywords: extraction of instruments, measurement system, somatism, Kazakh and French writing

Калбирова Т.Н. ¹

¹КазНУ им. Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

КАТЕГОРИЯ ИЗМЕРЕНИЯ НА КАЗАХСКОМ И ФРАНЦУЗСКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация

В данной статье приводятся сведения о понятии измерения, которое является философской категорией, отражающей диалектическую единицу качественных и количественных характеристик предмета, предмета. Рассматриваются названия измерений на казахском и французском языках. Речь идет о лексико-семантических особенностях соматизма, представляющих собой понятие измерения.

Говорят о том, что тело человека было первым в мире измерительным средством, что люди сравнивали вещи со своим телом до изобретения чертежей и других средств для измерения размеров чего-либо, и что в силу бытовых условий человек строил на себе длину, ширину и высоту своего будущего жилища. Названия измерений на казахском и французском языках исследуются методом сопоставительного и компонентного анализа. Предусматривается ментальный характер названий соматических измерений в определении последовательности и величины, объема и размера в соотношении объектов жизнедеятельности человека. Анализируются особенности соматических названий как единицы измерения.


Ключевые слова: измерение, измерительное средство, система измерений, соматизм, казахский и французский языки

Кіріспе. Өлшем – заттың, нәрсенің сапалық және сандық сипаттарының диалектикалық бірлігін көрсететін философиялық категория. Диалектика теориясында өлшем оның негізгі заңдарының бірі болып табылатын сандық өзгерістердің сапалық өзгерістерге және керісінше, сапалық өзгерістердің сандық өзгерістерге өту заңының құрамына енеді. Бұл заң бойынша, қандай да болмасын объектінің сапасы мен сандық сипатының арасында терең байланыс бар. Өлшем берілген сапаның өзін сақтай отырып, сандық өзгерістердің шегін білдіреді. Бұл шектен асқанда объект сапалық өзгеріске ұшырайды, ал сапаның өзгеруі, жаңа сапаға өтуі өз кезегінде сандық өзгерістерге жетелейді. Сондықтан Гегель өлшемді «сандық сапа» немесе «сапалық сан», яғни сапа мен санның бірлігі деп анықтаған [1].

Өлшемдер жөніндегі ғылым – метрология деп аталады. “Метрология” (грек “метрон” - өлшем және “логос” - сөз, ой, түсінік) деген сөздерінен алынған. Өлшеудің жалпы теориясы, физикалық шамалардың және оның жүйелерінің бірліктерін ұйымдастыру, өлшеудің әдістері мен құралдары, өлшеудің дәлдігін анықтау әдістері, өлшеу бірлігін және өлшеу құралдарының метрологиялық жарамдылығын қамтамасыз ету, эталондар мен өлшеу құралдарының үлгілерін жасау, эталонды бірлік өлшемдерін тарату әдістері осы ғылым аясында зерттеледі. Философиялық сөздікте: “Өлшем – тиісті өлшеуіш аспаптардың көмегімен ғылыми зерттеуді эмпирикалық деңгейде іске асыратын, материалдық нысандардың сипаттамаларын (салмағы, ұзындығы, нүктелік шамасы, жылдамдығы, т.б) анықтайтын танымдық рәсім” [2, 525б.], - ретінде сипатталады.

Әдістеме. Адамның денесі дүниедегі алғашқы өлшеу құралы болған. Адамдар сызғышты және бір нәрсенің көлемін өлшеуге арналған өзге де құралдарды ойлап тапқанға дейін заттарды өз денесімен салыстыратын. Тұрмыстық жағдайларға байланысты адам өзінің болашақ баспанасының ұзындығын, енін және биіктігін өзінің бойына шақтап жасады. Еңбектің қарапайым құралдарын дайындай, үйін салды. Осы күнге дейін көлемді немесе қашықтықты өлшеу бірлігі ретінде адамның дене мүшелерінің атауларын пайдаланылады. Адамдар саусақтарын санау үшін, ал қол-аяғын өлшеу үшін пайдаланады. Өлшеудің ең үлкен өлшем мөлшері – адам денесінің ұзындығы, ең кіші өлшем мөлшері - бір тал шаштың қалыңдығы.

1-сурет – адам дене мүшелері арқылы жасалған өлшем атаулары



Әлемдегі барлық халық өлшемді дене мүшелері арқылы өлшеген. Зерттеуші И.Ньютон ежелгі египеттік **шынтақ**, **қары ұзындық** өлшемдерінің авторы ретінде әлемге танылған. Ресейліктер ғалым Д.И.Прозоровский орыс халқының метрологы ретінде көптеген зерттеулер жазған. Оның “Древняя русская метрология” атты еңбегі орыс метрологиясының қайнар көзі, бастауы болып саналады. Сонымен қатар Л.В.Черепнина, Н.В.Устогова, Б.Р.Рыбакова, Е.И.Каменцевалар да өлшемді білдіретін атауларды жан-жақты қарастырады. Ресейлік зерттеуші Л.А.Молчанованың “Народная метрология” еңбегінде ұзындық өлшемдерінің тарихы жан-жақты қарастырылған. Ғалым өз еңбегінде: “Начало измерений можно отнести к периоду, когда людям при выяснении своих взаимоотношений и взаимоотношений с окружающим миром потребовалось ввести понятия: много и мало, близко и далеко, скоро и долго, легко и тяжело. Вначале единицы устанавливали применительно к физическим возможностям. Известное изречение древнегреческого философа Протогора: “Человек есть мера всех вещей” доказало, что в основах метрологии у всех народов мира использовали части человеческого тела в качестве мер длины, в частности, ступня – фут, кисть руки – пядь, палец – дюйм”[3, 11 б.], - деп өлшемдік ұғымдардың қалыптасу ерекшелігіне тоқталады.

Қос тілдегі соматизмдер арқылы жасалған өлшем атауларының қолданылу жиілігі әртүрлі. Көзге көрінер негізгі мүшелер мен ағзалардың негізінде, олардың атқарар қызметі негізінде қалыптасқан соматикалық атаулар арасында қол мен аяққа арқылы жасалған өлшем атаулары басым түседі. Себебі бұл соматизмдер екі тілдің әр түрлі құрылымды, туыстас тілдер емес екендігіне қарамастан, қос тілде де фразеологиялық бірліктерді құруда жиі қолданысқа түседі және тақырыптық көп түрлілігімен ерекшеленеді. Оның қажеттілігі мен қызметі айқын. Осы соматизмдер негізінде құралған өлшем атаулары салғастыра зерттелінеді. Жалпы салғастырмалы зерттеудің негізгі міндеті туыстас тілдер мен туыстас емес тілдердің өлшем атауларының маңызды және терең ұқсастықтары мен

айырмашылықтары анықтау болып табылады. Мұндай зерттеулер туыс емес тілдердегі тілдік құбылыстардың заңдылықтары мен ерекшеліктерін түсінуге, тілдік құрылымды терең тануға, терең зерттеуге, тек бір тілді қарастырған кезде жасырын қалатын құбылыстарды айқындауға көмектеседі. Әр түрлі құрылымды екі тілдегі өлшем атауларды салғастырмалы зертеу үшін компонентті талдау әдісін қолдануға болады. Ең алдымен соматикалық лексемалардың тура номинативтік мағыналарының семасын анықтау үшін қажет. Екітілде де “аяқ” және “royal foot” соматизмдерінің өлшеу құралы ретіндегі мағыналары сәйкескеледі. Яғни олар қостілге ортақ ұғымдар.

Нәтижелер. Қазақ танымында “өлшем – тұрмыс-тіршілігіндегі нысандардың арақатынасындағы реттілік пен меже-шаманы, көлем мен мөлшерді айқындаудағы ментальдық негізгі ұғым” [3, 60 б.] ретінде көрініс табады.

Заманында ата-бабаларымыздың кеңінен қолданған “қолдың қары” өлшемі ағылшын “ярдымен” шамалас. Ал Ресейде 17-20 ғасырларда қолданылып келген ағылшын футы (foot – табан) байырғы қазақ өлшемі “табанға” жуықтау келеді: “табан” өлшеміне қазақ табанның енін алса, ағылшын футы – табан тұрқына тең. Сондай-ақ ағылшынның дюйм (голландша – үлкен саусақ) өлшемі қазақ халқының байырғы “бармақ” өлшеміне (“Бармақ елі қазы”) сәйкес келеді. Орыстың “верстасы” мен қазақтың “шақырымы”, орыстың “долясы” мен қазақтың “мысқалы”, сондай-ақ ағылшынның “фунты” мен қазақтың “қадағыз” шығу төркіні, атқаратын қызметі жағынан төркіндес, тектес деуге әбден болады.

Орта Азия мен Қазақстанда ұзындықтың ең көп тараған байырғы өлшемдері қолдың қары немесе қары – кеуденің орта тұсынан кере созылған қолдың ортаңғы саусағының ұшына дейінгі аралыққа (80 – 85 см шамасы) тең ұзындық бірлігі. Кейде оң иықтан бүкіл кеудені бойлай өтіп, кере созылған сол қолдың ортаңғы саусағының ұшына дейінгі аралық та (шамамен 1 м) қары ретінде алынады.

Қарыс – толық жазғандағы бас бармақ пен шынаша құштарының арасына тең ұзындық (шамамен 19 – 20 см) бірлігі. Ол тұрмыста, құрылыс жұмыстарын да пайдаланылған. Мысалы, киіз үйдің уығы он екі – он алты қарыс мөлшерінде жасалады.

Қарыстың туынды бірлігі – сүйем, ол кере созылған бас бармақ пен сұқсаусақ ұштарының арасына тең (шамамен 17 – 18 см). Ал бармақ пен бүгілген сұқ саусақтың арасына тең өлшемді сынық сүйем дейді. Сүйем – шамамен аршынның ширегіне (төрттен бір бөлігіне) тең. Елі – сұқ саусақтың еніне тең ұзындық бірлігі (шамамен 2 см). Қазы майының қалыңдығы, ою-өрнектің мөлшері, т.б. елі мен өлшенген.

Буын – ортаңғы саусақтың ұшынан оның ортаңғы буынына дейінгі аралыққа тең ұзындық (шамамен 5 – 6 см) бірлігі. Сәулетті сарайлар мен түрлі ғимараттардағы ою-өрнектің мөлшері осы буынмен өлшенген. Ол тігін, киім пішу жұмыстарында да қолданылған.

Қадам – адамның бір адымына тең ұзындық (шамамен 60 – 70 см) бірлігі.

Құлаш – иық деңгейіне сәйкес кере созылған екі қол ұшының арасына тең ұзындық бірлігі. Орта Азия мен Қазақстанда кеңінен тараған кейбір салмақ өлшемдері:

Қазақтанымында өлшем бірлігі ретінде адамның өз сүйегі алынған:

Бой – кісі бойы;

Құлаш – иық деңгейінде кере созылған екі қол ұшының арасы (166см-170 см), әркімнің құлашы өз бойына тең;

Құшақ – периметрі кісі бойына тең шеңбер;

Жарты құшақ(құлаш) – кісі бойының 2:1-не тең өлшем;

Адым – жарым құлашы қатен;

Жарты адым – бойдың 4:1-не тең өлшем;

Қолтық – қолдың басы мен қолтықтың аралығы;

Шынтақ – қолдың басы мен қолтықтың аралығы;

Білем – қолдың бірінші буынының арасындағы қашықтық;

Кереқарыс – бас бармақтың ұшы мен кішкене саусақтың ұшын кергендегі ара қашықтық;

Қарыс – бас бармақ пен төртінші саусақты кергендегі ара қашықтық;

Сүйем – бас бармақтың ұшы мен сұқ саусақты екінші буынынан бүгіп, кергендегі ара қашықтық;

Сынықсүйем – бас бармақтың ұшы мен сұқ саусақты екінші буынынан бүгіп, кергендегі ара қашықтық;

Елі – бір саусақтың қалыңдығы, бір еліге тең, екі саусақ – екіелі, үшсаусақ – үшелі, төрт саусақ – төртелі;

Табаннемесетабанелі – төртсаусақ пен бас бармақтыбіріктіреұстағандағықалыңдық;

Тұтам – жұмырзаттытұтамдапқысыпұстағандағықалыңдық;

Табан – аяқтыңөкшесі мен бас бармағыныңарасы;

Шымшым – ұсақ затты бас бармақ пен сұқ саусақтың арасына қысып алғандағы сиымдық өлшемі;

Уыс – қолдың алақанын қобылай ұстағандағы сыйымдылық өлшемі;

Қосуыс – қос қолдың алақанын біріктіре қобылай ұстағандағы сыйымдылық өлшемі;

Кез – саусақтардың ұшынан иыққа дейінгі қашықтық (70-80 см);

Аршын – бір метрге жуық ұзындық (90-100 см);


Ғалым Ә.Болғанбаев көлем мөлшері, төгіліп-шашылып немесе топталған заттардың өлшемдері, малдың сүті мен етінен істелген тағамдарға қатысты, ыдыстық бұйым өлшемдері, бір сан есімнің көмегі арқылы жасалған өлшемдер, қазының арық-семіздігіне байланысты мөлшер, кеңістікті білдіретін өлшем, тереңдікті кісі бойымен салыстырып өлшеу – қазақ халқының күнделікті тұрмысында, кәсібінде жиі кездесетіндігін айтады. Өз пікірінде: “Су тереңдігін ат бойымен өлшеген. Мәселен: *аттың шашасынан, үзеңгіден, қабырғалықтан, ат кекілінен, ат құлағынан, ат бойынан асады, келеді*” [4, 28 б.] – деп мысалдармен нақтылай түседі. Сонымен қатар судың тереңдігін *бақайдан, қызыл асықтан, тізеден, белуардан, кіндіктен, иықтан, төбеден, кісі бойынан* деп өлшеудің де қолданыста жиі айтылатынын сөз етеді.

Саусақтар оның ішінде бас бармақ та, адамдарда әртүрлі болғандықтан, сенімді өлшеу құралы болып табылмайды. Сондықтан “бас бармақ қағидасы” “шамамен” дегенді білдіреді. Көптеген еуропалық тілдерде (соның ішінде француз, испан, итальян, швед, португал) “дюйм” сөзі “бес бармақ” дегенді білдіреді[5].

Француз тіліндегі *mesurer avec deux coudées* - екішынтақпенөлшеу, *parler avec deux bouches* – екіауызбен сөйлеу, *travailler d’arrache-pied* – белсенді жұмысжасау, **lever le pied** – аяқты көтеру» (жылдамдықты төмендету) сияқты тілдік бірліктерді соматизмдер арқылы жасалған өлшем атаулары деп қарастыруымызға болады.

Талқылау. “Өлшемдік атауларға деген қажеттілік сауда-саттықтың, зат алмасудың дамуымен, мемлекеттің өркендей түсуімен арта түсті. Тұрмыстық жағдайда орын алып жататын үй салу, қару-жарақ әзірлеу, киім-кешек тігу сияқты әрекеттердің бірде-бірі «өлшем үлгісіңіз» іске аспаған”[3, 15 б.].

1-кесте Қазақ және француз тіліндегі соматизмдер арқылы жасалған өлшемдік атаулар



Соматикалық атаулардың өлшемге ауналуы туралы зерттеуші К.Күркебаев: “Соматикалық атаулар – дене мүше атауларының өте ежелгі лексика-сематикалық сөздер тобы. Тілдің эволюциялық дамуына сәйкес, дене мүше атаулары сөз мағыналары дамуы мен кеңеюі үрдісінде өлшемге айналған” [6, 62б.].

Адамның дене мүшелері жаратылыстан берілген түрлі физикалық-биологиялықтабиғи функцияларға ие екені белгілі. Айталық, *қол* – барлық жұмысты атқару құралы, ал *аяқ* – көзделген бір нысанадан екінші нысанаға жетудің құралы. Тұрмыс-тіршілігінде бұл құралдарды адамдар қажеттілігіне қарай өлшем атауларына айналдырған. Адам дене мүшелерінің қосалқы қызметтері туралы “адам ағзаларының екінші, үшінші, деңгейдегі функциялары, ең әуелі, тілдік санада ұғым ретінде пайда болады, содан кейін нақты тілдік бірліктерге айналады. Процесс мұнымен тоқтамайды, алғашқыда соматикалық мөлшер болжаммен, шамамен айтылады да, шамасы нақты сандық мәнге жақындай бастайды, нәтижесінде нақты сандық мәнге теңеседі. Бұл тек соматикалық мөлшерліктердің қасиеті ғана емес, өлшем бірлікке айналған барлық мөлшерлердің даму иерархиясы” [7, 65 б.], - дейді.

Бүгінгі таңда Францияда құрылған метрикалық жүйе-бұл АҚШ, Либерия және Мьянма (Бирма) қоспағанда, әлемнің барлық елдерінде ресми өлшеу жүйесі. Бірақ олар халықаралық сауда мәселелерінде метрикалық жүйеге көшеді.

XVIII ғасырдың аяғында француз революциясына дейін дәл солай болды, сол кезде өлшемдер мен салмақтардың бірлігі әртүрлі елдерде ғана емес, сонымен бірге бір аумақта да ерекшеленді. Кейбір бағалаулар бойынша революцияға дейінгі бір ғана Францияда 250 мыңнан астам түрлі өлшем бірлігі болған. Француз революциясы бәрін өзгертті. 1789-1799 жылдардағы турбулентті онжылдықта революционерлер монархия мен шіркеуден билікті алып, саяси жүйені өзгертуге ғана емес, сонымен бірге ескі дәстүрлер мен әдеттерден бас тарту арқылы қоғамды түбегейлі реформалауға тырысты. Осы мақсатта олар 1793 жылы сағатына 100 минут және минутына 100 секунд болатын 10 сағаттық күндерден тұратын республикалық күнтізбені ұсынды. Осылайша олар шіркеудің күнтізбеге әсерін жоюға тырысты, бұл католиктерге жексенбі мен діни мерекелерді бақылауды қиындатты, бірақ бұл жаңа Үкімет енгізген ондық жүйеге көшуге сәйкес келді. Бірақ күнтізбедегі ондық жүйе тамыр алмаса да, ол біз әлі күнге дейін қолданатын метр мен килограмның өлшем бірліктерінің негізін құрады. Ағартушылықтың ең жақсы ойшылдарына жаңа өлшеу жүйесін ойлап табу тапсырылды. Олар жергілікті дәстүрлерге емес, ұтымдылыққа негізделген біртұтас шаралар жиынтығын құруға тырысты. Осылайша, жаңа өлшем бірлігі тек табиғат заңдарына негізделуі керек деп қабылданды.

Қорытынды. Қазақ және француз халқы өз тіршілік-тұрмысында ертеден кәсіптік ерекшеліктеріне, атқаратын әрекеттерінің түрлеріне сай өлшемдік ұғымдағы сөздерді, тіркестерді мол қолданған. Заттардың, құбылыстардың сыр-сипатын, түрлі ерекшеліктерін бір-бірімен салыстыра қарастыруда да бұндай мағыналы сөздердің септігі ерекше болды. Кез келген халық тіліндегі өлшем ұғымдар астарынан сол халық тұрмыс-тіршілігінің айқын көрінісін аңғаруға болады. Мұндай өлшем ұғымдар әр ұлттың дүниетанымын, болмысын сипаттайды. Кез келген елдің, ұлттың халықтың тұрмыс-тіршілігі қашанда оның тілінде көрініс табады. Өлшем ұғымы астарынан да әр халықтың өмір сүру салтын аңғаруға болады. Әр елдің, мемлекеттің тарихы - бәрі де уақытпен өлшенеді. Қазақ және француз халықтары табиғаттың небір құпия сырларын ғасырлар бойы ой елегінен өткізіп, ұзақ жылғы тәжірибесі негізінде туған уақыт пен мезгілді болжайтын лексемалардың метрологиялық лексиканың ауқымды бір саласын құрайтыны айдан анық. Уақыт пен кеңістік, өлшем категориялары кез келген халықтың бағыт-бағдарын айқындауының алғышарты болып есептеледі және дүниетанымдық ерекшеліктерін тануға мүмкіндік береді. Уақыт өлшемдері ұғымдары мен олардың атаулары жоқ кезінде белгілі бір іс-әрекеттің белгілі мерзім ішінде өтуі немесе белгілі бір мезгілде басталуы уақыт өлшемі ретінде пайдаланған. Өлшемдік атаулар мен бірліктер өзі өлшейтін, мөлшерлейтін затына жақын алынады. Соның нәтижесінде өлшем бірліктер айтуға ыңғайлы, түсінуге жеңіл қалыптасады. Ұзындықты, енді, қалыңдықты, биіктікті, тереңдікті білдіретін өлшем бірліктері өлшеуде ғана қолданылып қоймай, сөздік қордың молаюына да септігін тигізеді сөзсіз. Өлшемдік атауларды, өлшемдік ұғымды білдіретін сөздерді қарастыру бүгінгі күні қазақ тілі үшін ғана емес, басқа да шет тілдері үшін өзекті мәселе. Өлшемнің есепке қатысты түрлі мағыналық реңктегі сөздер мен сөз тіркестері әлемдегі барлық халықтарда өз тұрмыс-тіршілігі мен танымдық ерекшеліктеріне қарай қолданылады. Өлшемдік мәндегі сөздердің қолданыстық сипатын зерттеу арқылы сөздік қордың толығын айқындауға болады. Қазақ және француз тіліндегі өлшем атаулары сөздігін, өлшем атаулары анықтамалығын құрастыруда мұндай зерттеулердің маңыздылығы орасан зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *kk.wikipedia.org*
- 2 *Философиялық сөздік. – Редкол.: Р.Н. Нұрғалиев, Ғ.Ғ. Ақмамбетов., Ж.М. Әбділдин. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 бет.*
- 3 *Сабырханова Р.Т. Ж.Көпеев шығармаларындағы метрологиялық лексика (халық өлшемі мен нумеративтер): монография. -С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2007. – 161 бет.*
- 4 *Болғанбаев Ә., Қалиев Б. Қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы. – Алматы, 2006. – 264 бет.*
- 5 *Қазақтың байырғы өлшем бірліктері - Білімділер порталы// bilimdiler.kz*
- 6 *Күркебаев К. Қазақ тіліндегі өлшемдікатаулардың этнолингвистикалық сипаты. Филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2003. – 120 бет.*
- 7 *Маралбек Е.М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі «өлшем-мөлшер» ұғымын білдіретін соматизмдер //Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы «Филология ғылымдары» сериясы, №2 (60), 2017. – 65-66 бб.*

References:

- 1 *kk.wikipedia.org*
- 2 *Filosofialyq sözdik. – Redkol.: R.N. Nūrǵaliev, Ğ.Ğ. Aqmambetov., J.M. Ābdıldin. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 1996. – 525 bet.*
- 3 *Sabyrhanova R.T. J.Köpeev şyǵarmalaryndaǵy metrologialyq leksika (halyq ölşemi men numerativter): monografiya. -S. Toraiǵyrov atyndaǵy PMU, 2007. – 161 bet.*
- 4 *Bolǵanbaev Ā., Qaliev B. Qazaq tiliniñ leksikologiasy men leksikografiasy. – Almaty, 2006. – 264 bet.*
- 5 *Qazaqtyñ baiyrǵy ölşem birlikleri - Bilimdiler portaly// bilimdiler.kz*
- 6 *Kürkebaev K. Qazaq tilindeǵi ölşemdikataulardyñ etnolingvistikalıq sypaty. Filol. ǵyl. kand. diss. – Almaty, 2003. – 120 bet.*
- 7 *Maralbek E.M. Qaşqaridyñ «Diuani lūǵat-it-türık» eñbegindeǵi «ölşem-mölşer» üǵymyn bildiretin somatizmder //Abai atyndaǵy QazŪPU, Habarşy «Filologia ǵylymdary» seriesy, №2 (60), 2017. – 65-66 bb.*

МРНТИ 16.01.09

Мамедова Ф.З.,¹ Дулаева Э.З.²

¹*Шетел тілдері және іскерлік карьера университеті,*
²*аль-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті,*
Алматы, Қазақстан

**ОРЫС ЖӘНЕ АРАБ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ
АНТРОПОЦЕНТРИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАСЫ**

Аңдатпа

Мақалада орыс және араб тілдеріндегі фразеологиялық бірліктердің антропоцентрикалық парадигмасы зерттеледі. Тұжырымдамаларды жүзеге асыру белгілі бір деңгейде қарастырылған: әлеуметтік, рухани, физиологиялық, материалдық, эмоциялық, зияткерлік. Құндылықтардың әлеуметтік деңгейі "еңбек, жұмыс – жұмыстың жоқтығы, ішсіз, жалқау, демалыс" аксиологиялық диадасымен ұсынылған. Құндылықтардың рухани деңгейі "мейірімді, жомарт – ашкөз, жомарт емес" аксиологиялық диадамен ұсынылған. Физиологиялық деңгей антонимов мысалында қарастырылған: өмір-өлім, денсаулық-ауру, ұйқы-ұйқысыздық. Материалдық деңгей "Байлық – кедейлік" жұбы ұсынылған. Құндылықтың эмоциялық деңгейі "қуаныш – қайғы" парадигмасының мысалында қарастырылады. Құндылықтардың зияткерлік деңгейі "ақыл, ақылды – ақымақтық, ақымақтық" аксиологиялық диадамен ұсынылған. Ұсынылған антропоцентрикалық белгілер "адам" концептін жан-жақты сипаттайды: бұл бейне, ақпараттық мазмұн және бағалау белгілері.

Түйін сөздер: антропоцентрикалық парадигма, фразеологиялық бірліктер, әлеуметтік деңгей, рухани деңгей, физиологиялық деңгей, материалдық деңгей, эмоциялық деңгей, зияткерлік деңгей